

Ә.Ж. Хазимова, Б.О. Салыхова,  
М.Ж. Бейсебекова

# Қазақ тілі

## Оқулық

Оқу қазақ тілінен басқа тілде оқытылатын  
жалпы білім беретін мектептің  
1-сынып оқушыларына арналған

Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрлігі<sup>1</sup>  
ұсынған

АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ  
2023

\*Книга предоставлена исключительно в образовательных целях

согласно Приказа Министра образования и науки Республики Казахстан от 17 мая 2019 года № 217

**ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 81.2 Каз-922  
Х 14**

## Оқулықпен қалай жұмыс істеу керек?

**Ортақ тақырып**

**№ Сабактың тақырыбы**

**жаңа сөздер** Эр сабактың жаңа сөздері

Оқылым тапсырмалары

Айтылым тапсырмалары

Тындауға ұсынылған оқу материалдары

QR

**Сабактың тақырыбы**

**№3**

**жаңа сөздер** Суретті сөздік арқылы негізгі сөздік қорды қайталаپ аласың.

**Сабактың тақырыбы**

**№3**

**жаңа сөздер** Негізгі грамматикалық құрылымдар

**Сабактың тақырыбы**

**№3**

**жаңа сөздер** Электрондық қосымшада орындалатын тапсырмалар

**«КЕЛ, ҚАЙТАЛАЙЫҚ»** сабактары өр бөлім материалын қорытындылауға арналған.

**№ 3 жұмыс дәптерінде «Мен не білемін?» сабактарының материалдары жинақталған. Кітапша түрінде берілген бұл дәптермен өр бөлімнің соңғы сабакында жұмыс істейсің.**

**Сабактың тақырыбы**

**№3**

**жаңа сөздер** Оқулықтың соңында берілген қазақша-орынша сөздікті қосымша қолдана аласың.

### Оқулықта QR-кодты қолдану бойынша нұсқаулық

- Смартфонның/планшеттің камерасын QR-кодқа бағыттаңыз.
- Сілтеме пайда болғанын күтіңіз.
- «OK»-ді басып, сілтемеге өту керек. Егер құрылғыңыз QR-кодты оқымаса, Google Play Market немесе AppStore электрондық дүкендерінен QR Code Reader сияқты тегін қосымша жүктеп алыңыз.

Құрметті үстаздар мен ата-аналар! Баланың смартфон мен планшетті дұрыс пайдалануын қадағалау үшін, оқулықтың QR-кодымен жұмыс істегендегі ата-ананың бақылау режимі қосулы тұрсын. «Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешенінің құрамына оқулық (CD дискі, электрондық қосымша), жұмыс дәптерлері мен әдістемелік нұсқау кіреді. Электрондық оқулықпен баспаның www.topiq.kz платформасында таныса аласыз.

### Хазимова Ә.Ж. т.б.

**Х 14 Қазақ тілі:** Оқу қазақ тілінен басқа тілде оқытылатын жалпы білім беретін мектептің 1-сынып оқушыларына арналған /Ә.Ж. Хазимова, Б.О. Салыхова, М.Ж. Бейсебекова. – Алматы: АЛМАТАҮКІТАП БАСПАСЫ, 2023 – 156 б., суретті.

ISBN 978-602-02-1205-0

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 81.2 Каз-922

ISBN 978-602-02-1205-0

© Хазимова Ә.Ж., Салыхова Б.О.,  
Бейсебекова М.Ж., мәтіні, 2021

© «АЛМАТАҮКІТАП БАСПАСЫ» ЖШС, 2021



## Алғы сөз

Қымбатты оқушы!

Сен Қазақстан Республикасында тұрасың. Қазақстан – сенің  
Отаның, туған жерің, туған елің.

Осы оқулық арқылы сен қазақ тілін – мемлекеттік тілді  
үйренесің, тіл әлемінің ғажайып сырын ашасың.

Сен оқулықтан 8 ортақ тақырып бойынша:

- өзің, досың, отбасың туралы 2-3 сөйлем құрауды;
- үйренген үлгілер негізінде сұрақтарға жауап беруді;
- жекелеген сөздер мен сөйлем үлгілерін жазуды;
- шағын мәтінді оқып-түсінуді, мәтін бойынша сұрақтарға жауап беруді үйренесің.



## Өзім туралы

### 1 Сәлем! Сенің атың кім?



1-тапсырма. Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.





## 2-тапсырма. Тыңда, қайтала.



## 3-тапсырма. Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.

- Сәлем!
- Сәлем!
- Сенің атың, кім?
- Менің атым - Жұлдыз. Сенің атың, кім?
- Менің атым - Айгүл.

Қосымша  
тапсырма: 1.1

## Өзім туралы

### 2 Бұл кім?

жанға сөздер

бұл

кім?



1-тапсырма. Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.



Сәлем!  
Сәлеметсіз бе!

Сау бол!  
Сау болыңыз!



## 2-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

### Бұл кім?



## 3-тапсырма. Тында, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.



Сәлеметсіз бе!



Менің атым – Жұлдыз.

Сәлеметсің бе!

Сенің атың кім?



Бұл кім?



Бұл – ата.

Сау бол!



Сау болыңыз!

Қосымша  
тапсырма: 1.2

Өзім туралы


3 Бұл не?



1-тапсырма. Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.



доп



текшे



кітап



қарындаш



қалам



дәптер



## 2-тапсырма. Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.

Маған кітап берші.



Міне, ал.

Маған кітап беріңізші.



жаңа сөздер

маған

берші

беріңізші

Міне, ал.

Міне, ал.



## 3-тапсырма. Тыңда, қайтала. Жаттап ал.

- Бұл не?


- Кітап.

- Бұл не?

- Қалам.

Кітап, дәптер, қалам  
беріңізші маған!

(Ә. Шапагат)



Қосымша  
тапсырма: 1.3

## Өзім туралы

## 4 Неше доп?

жаңа сөздер

неше?

менде

сенде

бар

жоқ



1-тапсырма. Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.

1  
бір2  
екі3  
үш10  
он

Менде бес доп бар.

4  
төрт9  
тоғыз8  
сегіз7  
жеті5  
бес6  
алты



## 2-тапсырма. Сана. Сұраққа жауап бер.

Неше ... болады?



+



+



+



ЕСТЕ  
САҚТА!

Сенде доп бар ма?

Иә, бар.

Жоқ.



## 3-тапсырма. Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.

- Сәлем!
- Сәлем!
- Сенде доп бар ма?
- Иә, бар.
- Сенде неше доп бар?
- Менде үш доп бар.
- Маған бір доп берші.
- Міне, ал.
- Рақмет!



Неше доп?

Сенде бар екі доп,  
Менде бар екі доп.  
Екі доп,  
Екі доп,  
Болады неше доп?  
(Ә. Шапағат)

Қосымша  
тапсырма: 1.4

## Өзім туралы

### 5 Мен жеті жастамын

жаңа сөздер

мен

сен

ол

жас



1-тапсырма. Тыңда, қайтала.

Мен алты жастамын.

Мен жеті жастамын.

Мен үш жастамын.



Сен неше жастасың?



2-тапсырма. Толықтырып айт.

Сен неше жастасың?

Мен

6

7

8

9

10

жастамын.

ЕСТЕ  
САҚТА!

**Мен алты жастамын.  
Сен алты жастасың.  
Ол алты жаста □.**



**3-тапсырма.** Суретке қара. Сұраққа жауап бер.

**Ол неше жаста?**



①

②

③



**4-тапсырма.** Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.

- Сәлем!
- Сәлем!
- Сенің атың, кім?
- Менің атым – Қанат. Сенің атың, кім?
- Менің атым – Арман.
- Сен неше жастасың?
- Мен алты жастамын. Сен неше жастасың?
- Мен жеті жастамын.

Қосымша  
тапсырма: 1.5

13

## Өзім туралы

## 6 Мен қарындаш ала мың

жаңа сөздер

көп

ала мың

аласың

о йыншық



1-тапсырма. Тыңда, қайтала. Салыстыр.



2-тапсырма. Суретке қара. Толықтырып айт.

Көп ...



①



②



③



④



⑤

ЕСТЕ  
САКТА!

көп қарындаш – қарындаштар  
 көп ойыншық – ойыншықтар  
 көп мұғалім – мұғалімдер

көп қалам – қаламдар  
 көп кітап – кітаптар  
 көп оқушы – оқушылар

## Кім? Кімдер? Не? Нелер?



**3-тапсырма.** Суретке қара. Толықтырып айт.

көп оқушы	көп кітап	көп ойыншық	көп қалам
оқушылар	кітап...	ойыншық...	қалам...



**4-тапсырма.** Тында, қайтала. Үлгі бойынша сейлес.



- Сен неше жастасың?
- Мен алты жастамын.
- Сен неше қарындаш аласың?
- Мен алты қарындаш аламын.
- Міне, ал.



Қосымша  
тапсырма: 1.6

## Өзім туралы

## 7 Кел, ойнайық!

жаңа сөздер

отыр

тұр

дұрыс



1-тапсырма. Суретке қара. Сұраққа жауап бер.

ата  
әже  
мұғалім  
оқушы

Бұл кім?



2-тапсырма. Суретке қара. Сұраққа жауап бер.

Кім отыр? Кім тұр?



ЕСТЕ  
САҚТА!

Мен отырмын  
Сен отырсың  
Ол отыр

Мен тұрмын  
Сен тұрсың  
Ол тұр




Мен отырмын.



3-тапсырма. Кел, ойнайық!

Неше оқушы отыр?  
Неше оқушы тұр?



Қосымша  
тапсырма: 1.7

## Өзім туралы

## 8 Кел, қайталайық!



**1-тапсырма.** Суретке қара. Тында, қайтала.



**2-тапсырма.** Суретке қара. Ойлан. Толықтырып айт.

**3-тапсырма.** Суретке қара. Үлгі бойынша сөйлес.

Маған доп берші.



5

Сенде неше қалам бар?



6

Сен неше жастасың?



7

Кім отыр?  
Кім тұр?



8

## Менің мектебім

### 1 Мынау – мектеп

жаңа сөздер

қандай?

үлкен

кішкентай

әдемі



**1-тапсырма.** Суретке қара. Тыңда, қайтала.



Бұл – мектеп.

Жұлдыз, мынау не?

①

Алмабек,

мынау – сынып.



②

Қандай әдемі!



**2-тапсырма.** Суретке қара. Салыстыр. Есте сақта!

## Мектеп қандай?

үлкен



кішкентай



**3-тапсырма.** Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.

- Мынау не?
- Бұл – мектеп.
- Мынау не?
- Бұл – сынып.
- Мектеп қандай?
- Мектеп үлкен.
- Сынып қандай?
- Сынып әдемі.

ЕСТЕ  
САҚТА!

Менің мектебім  
Менің сыныбыым

Сенің мектебің  
Сенің сыныбың



**4-тапсырма.** Тыңда, қайтала. Сұраққа жауап бер.

## Сенің мектебің қандай?

Менің мектебім  
үлкен, әдемі.



Қосымша  
тапсырма: 2.1

## Менің мектебім

## 2 Менің сыныбым

жаңа сөздер

сынып

сыныпта

әдемі



**1-тапсырма.** Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.



тақта



терезе



парта



есік



үстел



орындық

Сыныпта не бар?



Сыныпта тақта бар.

ЕСТЕ  
САҚТА!

Сыныпта



бар  
(жоқ).



2-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

Сыныпта неше  
тақта бар?



3-тапсырма. Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.

- Сынып қандай?
- Сыныпта нелер бар?



үлкен

әдемі



4-тапсырма. Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.

- Мынау не?
- Бұл – менің сыныбым.
- Сынып қандай?
- Сынып үлкен, әдемі.
- Сыныпта не бар?
- Сыныпта тақта, үстел, парта, орындық, шкаф бар.
- Сыныпта неше тақта бар?
- Сыныпта бір тақта бар.

Қосымша  
тапсырма: 2.2

### 3 Қызыл қарындаш




1-тапсырма. Тында, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.





## 2-тапсырма. Үлгі бойынша айт.

Үлпі: Бұл – қарындаш. Бұл – жасыл қарындаш.



## 3-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

**Сенде қызыл қарындаш бар ма?**

Иә, бар.

Жоқ.



## 4-тапсырма. Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.

- Сәлем!
- Сәлем!
- Сенде қызыл қарындаш бар ма?
- Иә, бар.
- Маған қызыл қарындаш берші.
- Міне, ал.
- Рақмет!



Қосымша  
тапсырма: 2.3

Менің мектебім

4 Мынау – кітап



1-тапсырма. Тыңда, қайтала.



ЕСТЕ  
САҚТА!

Мынау кітап па?  
Мынау қарындаш па?

Мынау дәптер ме?  
Мынау қалам ба?



**2-тапсырма.** Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.

### Мынау кітап па?

Иә, бұл – кітап.

Жоқ, бұл – кітап өмес.



**3-тапсырма.** Тыңда. Толықтырып айт.



па?



...



...



**4-тапсырма.** Кел, ойнайық!

Бұл қарындаш па?



Иә, бұл – қарындаш.



Қосымша  
тапсырма: 2.4

## Менің мектебім

### 5 Бірінші сабак

жанға сөздер

бүгін

сабак



1-тапсырма. Тыңда. Қайтала. Есте сақта.

Бүгін бірінші сабак – қазақ тілі.



Алақай! Бірінші  
сабак – қазақ тілі.

ЕСТЕ  
САҚТА!**Неше?**

бір  
екі  
үш  
төрт  
бес

1  
2  
3  
4  
5

**Нешінші?**

бірінші  
екінші  
үшінші  
төртінші  
бесінші

**2-тапсырма.** Тыңда. Қайтала. Сурет бойынша айт.**Бұл – ...**

қазақ тілі сабағы



орыс тілі сабағы



математика сабағы

**3-тапсырма.** Сұраққа жауап бер.**Балалар, бүгін бірінші сабак қай сабақ?****4-тапсырма.** Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.

- Сәлем!
- Сәлем!
- Сенің атың кім?
- Менің атым – Эсет.
- Бүгін екінші сабақ қай сабақ?
- Екінші сабақ – математика сабағы.

бүгін

қазақ тілі сабағы  
математика сабағы  
орыс тілі сабағы

Қосымша  
тапсырма: 2.5

## Менің мектебім

### 6 Мен бірінші сыныпта оқымын

жаңа сөздер

мектепте

оқымын

нешінші



1-тапсырма. Тыңда, қайтала. Сұраққа жауап бер.

Мен бірінші  
сыныпта оқымын.

Мен екінші  
сыныпта оқымын.



Сен нешінші  
сыныпта оқисың?

ЕСТЕ  
САКТА!

## Неше?

бір  
екі  
үш  
төрт  
бес  
алты  
жеті  
сегіз  
ТОҒЫЗ  
ОН

1  
2  
3  
4  
5  
6  
7  
8  
9  
10

## Нешінші?

бірінші  
екінші  
үшінші  
төртінші  
бесінші  
алтыншы  
жетінші  
сегізінші  
ТОҒЫЗЫНШЫ  
ОНЫНШЫ



**2-тапсырма.** Үлгі бойынша айт. Үлгі: бір – бірінші.

- 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10



**3-тапсырма.** Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.

- Сенің атың кім?
- Менің атым – Жұлдыз.
- Сен неше жастасың?
- Мен алты жастамын.
- Сен нешінші сыныпта оқисың?
- Мен бірінші сыныпта оқимын.



**4-тапсырма.** Тыңда, қайтала. Жұмбақты шеш.

Бір үйде бар көп бала:

Біреуі – **кек** бала,

Біреуі – **қызыл** бала,

Біреуі – **қара** бала,

Біреуі – **сары** бала.



Қосымша  
тапсырма: 2.6

## Менің мектебім

### 7 Мектепте

жаңа сөздер

оқымын

тыңдаймын

жазамын

сөйлеймін



1-тапсырма. Тыңда, қайтала.

Сен мектепте  
не істейсің?

Мен кітап оқымын.



Мен жазамын.

ЕРТЕГІЛЕР



Мен тыңдаймын.



Мен сөйлеймін.

ЕСТЕ  
САҚТА!

Мен бірінші сыныпта оқимын.

Мен мектепте кітап оқимын.



2-тапсырма. Тыңда. Қайтала. Есте сақта!



оқы



тыңда



жаз



сөйле



3-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

Сен мектепте не істейсің?

оқимын

сөйлеймін

жазамын

тыңдаймын



4-тапсырма. Тыңда. Үлгі бойынша сөйлес.

- Сен неше жастасың?
- Мен алты жастамын.
- Сен нешінші сыныпта оқисың?
- Мен бірінші сыныпта оқимын.
- Сен мектепте не істейсің?
- Мен мектепте кітап оқимын, жазамын, тыңдаймын, сөйлеймін.

Қосымша  
тапсырма: 2.7

Менің мектебім

8 Кел, қайталайық!



1-тапсырма. Суретке қара. Тында, қайтала.



2-тапсырма. Суретке қара. Ойлан. Толықтырып айт.

3-тапсырма. Суретке қара. Үлгі бойынша сөйлес.



## Менің отбасым және достарым

### 1 Бұл – менің інім



**1-тапсырма.** Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.



Бұл – менің інім.



Әсет



әпке



ана



ата



әжe



әке



іні



ағa

ЕСТЕ  
САҚТА!

Менің

-ым, -ім, -м

атам

әке~~м~~

ағам

інім

әже~~м~~ана~~м~~

әпкем

қарында~~сым~~  
(сіңлім)

Бұл – менің сіңлім.

Бұл – менің қарында~~сым~~.

## 2-тапсырма. Толықтырып айт.

ата – менің атам

әке – менің әке...

әже – менің әже...

ана – менің ана...

аға – менің аға...

іні – менің іні...

әпке – менің әпке...

қарында~~с~~ – менің қарында~~с~~...

сіңлі – менің сіңлі...



## 3-тапсырма. Тыңда. Үлгі бойынша айт.

Бұл – менің анам. Оның аты – Маржан.



## 4-тапсырма. Тыңда. Үлгі бойынша сөйлес.

- Сәлем!
- Сәлем!
- Бұл кім?
- Бұл – менің інім.
- Оның аты кім?
- Оның аты – Қанат.

Қосымша  
тапсырма: 3.1

## Менің отбасым және достарым

### 2 Менің анам

жанға сөздер

күшті

ақылды



1-тапсырма. Тыңда, қайтала.





## 2-тапсырма. Сызба бойынша айт.

**Менің**

ағам  
әпкем  
інім  
қарындастым  
(сіңлім)

бар/жоқ.



## 3-тапсырма. Толықтырып айт.

Менің

...

...

әкем  
анам  
атам  
әжем  
ағам  
әпкем  
інім  
қарындастым (сіңлім)

әдемі

қүшті

ақылды!



## 4-тапсырма. Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.

- Бұл кім?
- Бұл – менің анам.
- Оның аты кім?
- Оның аты – Алтынай.
- Ол қандай?
- Ол әдемі.

Қосымша  
тапсырма: 3.2

## Менің отбасым және достарым

## 3 Бұл – менің отбасым

жаңа сөздер

отбасы

кімді?

жақсы көремін



1-тапсырма. Тыңда, қайтала.

Бұл – менің а나ам. Менің анаам әдемі.  
Мен анаамды жақсы көремін.

ЕСТЕ  
САҚТА!

Мен

атамды  
әжемдіәкемді  
анамдыағамды  
әпкемдіінімді  
қарындастымды  
(сіңлімді)

жақсы көремін.

ОТБАСЫ

Мен отбасымды жақсы көремін.




## 2-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

Сен кімді жақсы қөресің?



## 3-тапсырма. Суретке қара. Тыңда. Үлгі бойынша айт.

Үлгі: Бұл – менің інім. Мен інімді жақсы қөремін.



## 4-тапсырма. Тыңда. Отбасың туралы айт.

Бұл – менің отбасым. Бұл – менің әкем. Оның аты – Әділбек. Ол күшті. Бұл – менің анам. Оның аты – Жансая. Ол әдемі. Бұл – менің інім. Оның аты – Айдар. Ол ақылды. Мен отбасымды жақсы қөремін.

Бұл кімнің отбасы?



Бұл – менің отбасым.



Қосымша тапсырма: 3.3

## Менің отбасым және достарым

### 4 Менің досым

жаңа сөздер

дос

жақсы



**1-тапсырма.** Суретке қара. Тыңда, қайтала.

Бұл – менің досым.  
Оның аты – Айбек. Ол күшті.



Мен жеті жастамын.  
Мен бірінші сыныпта  
оқимын.

①



②



42



## 2-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

Айбек неше жаста?

Айбек нешінші  
сыныпта оқиды?

Айбек қандай?



## 3-тапсырма. Тыңда. Үлгі бойынша сөйле.

Бұл – менің досым. Оның аты – Ақылбек. Ол күшті, ақылды. Ол жеті жаста. Ол бірінші сыныпта оқиды. Ақылбек – жақсы дос.



## 4-тапсырма. Тыңда. Үлгі бойынша сөйлес.

- Бұл кім?
- Бұл – менің досым.
- Оның аты кім?
- Оның аты – Ақылбек.
- Ол неше жаста?
- Ол жеті жаста.
- Ол нешінші сыныпта оқиды?
- Ол бірінші сыныпта оқиды.
- Ол қандай?
- Ол күшті, ақылды.

Сенің досың кім?



Қосымша  
тапсырма: 3.4

## Менің отбасым және достарым

### 5 Сен аулада не істейсің?

жанға сөздер

аула

ойнаймын

сурет саламын



1-тапсырма. Тыңда, қайтала.

Сәлем, Асқар!

Сен аулада не істейсің?

Сәлем, Айбек!



Мен доп ойнаймын.

Мен сурет саламын.



②



## 2-тапсырма. Қайтала. Сұраққа жауап бер.

### Сен аулада не істейсің?

Мен сурет саламын.



Мен доп ойнаймын.

ЕСТЕ  
САҚТА!

Мен сурет саламын.  
Мен доп ойнаймын.



Мен сурет салмаймын.  
Мен доп ойнамаймын.



## 3-тапсырма. Тыңда. Үлгі бойынша сөйлес.

- Сәлем, Айбек!
- Сәлем, Асқар!
- Халің қалай?
- Жақсы, рақмет! Сенің халің қалай?
- Жақсы! Сен аулада не істейсің?
- Мен доп ойнаймын. Сен не істейсің?
- Мен сурет саламын.

Сәлем!  
Халің қалай?



## 4-тапсырма. Сұраққа жауап бер.



Сәлем! Халің қалай?  
Сен аулада не істейсің?

Жақсы!  
Сенің халің  
қалай?

Қосымша  
тапсырма: 3.5

## Менің отбасым және достарым

### 6 Менің достарым



1-тапсырма. Суретке қара. Тыңда, қайтала.



Айбек велосипед  
тебеді.



Әсет сурет  
салады.



Арман футбол  
ойнайды.



## 2-тапсырма. Сызба бойынша айт. Салыстыр.

Ол

сурет салады.

футбол ойнайды.

велосипед тебеді.



шанғы

тебеді

ЕСТЕ  
САҚТА!

Ол сурет салады.

Ол футбол ойнайды.

Ол велосипед тебеді.



Ол сурет салмайды.

Ол футбол ойнамайды.

Ол велосипед теппейді.



## 3-тапсырма. Ойлан. Толықтырып айт.

Ол – ...



## 4-тапсырма. Тыңда. Үлгі бойынша айт.

Менің атым – Нұрбек. Менің достарым – Арман, Әсет, Айбек. Әсет сурет салады. Айбек велосипед тебеді. Арман футбол ойнайды. Менің достарым жақсы.

## Менің отбасым және достарым

### 7 Кел, қайталайық!



1-тапсырма. Суретке қара. Тында, қайтала.



2-тапсырма. Суретке қара. Ойлан. Толықтырып айт.

3-тапсырма. Суретке қара. Үлгі бойынша сөйлес.



## 8-сабақ. Менің кітапшам

## Бізді қоршаған әлем

### 1 Аңдар



1-тапсырма. Суретке қара. Тыңда, қайтала.



көрік



кірпі



арыстан



аю



қоян



піл



түлкі



қасқыр



## 2-тапсырма. Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша айт.

5



7



3



2



4



## 3-тапсырма. Тыңда, қайтала. Есте сақта!



11 – он бір

12 – он екі

13 – он үш

14 – он төрт

15 – он бес

16 – он алты

17 – он жеті

18 – он сегіз

19 – он тоғыз

20 – жиырма



## 4-тапсырма. Тыңда, қайтала. Жаттап ал.

Мынау – керік,  
Мынау – піл.  
Неше керік,  
Неше піл?

Мынау – тұлқі,  
Мынау – кірпі.  
Неше тұлқі,  
Неше кірпі?

(Ә. Шапагат)



Қосымша  
тапсырма: 4.1

## Бізді қоршаған әлем

## 2 Аю қандай?

жанға сөздер

көрдім

нені?

түс



1-тапсырма. Суретке қара. Тыңда, қайтала.

О-о! Қандай үлкен!

Мен аюды көрдім.

ЕСТЕ  
САКТА!

Мен

аюды  
қасқырды  
арыстанды  
қояндыпілді  
кірпіні  
тұлқіні  
керікті

көрдім.



## 2-тапсырма. Сұраққа жауап бер.



Сен нені көрдің?



Мен ... көрдім.



## 3-тапсырма. Тыңда. Үлгі бойынша айт.

Үлгі: Мынау – аю. Ол үлкен. Оның түсі қоңыр.



үлкен  
кішкентай  
әдемі



## 4-тапсырма. Тыңда. Қайтала. Үлгі бойынша айт.

Мен қоянды көрдім.

Ол кішкентай. Оның түсі ақ.



Қосымша  
тапсырма: 4.2

## Бізді қоршаған әлем

### 3 Аулада



1-тапсырма. Суретке қара. Тыңда, қайтала.



ЕСТЕ  
САҚТА!

велосипед тебемін   
сурет саламын

велосипед теппеймін   
сурет салмаймын



### 2-тапсырма. Толықтырып айт.

- |   |  |
|---|--|
| Мен велосипед ... <input checked="" type="checkbox"/> | Мен футбол ... <input checked="" type="checkbox"/> |
| Мен сурет ... <input checked="" type="checkbox"/>     | Мен шахмат ... <input checked="" type="checkbox"/> |



### 3-тапсырма. Толықтырып оқы.

- Сен сурет саласың, ба?
- Иә, мен ...
- Сен велосипед тебесің, бе?
- Жоқ, мен ...
- Сен шахмат ойнайсың, ба?
- Жоқ, мен ...



### 4-тапсырма. Тыңда. Үлгі бойынша сөйлес.

- Арман, сен аулада нे істейсің?
- Мен аулада футбол ойнаймын. Сен футбол ойнайсың, ба?
- Иә, мен футбол ойнаймын.

Қосымша  
тапсырма: 4.3

Бізді қоршаған әлем

4 Мен сурет саламын



1-тапсырма. Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша айт.



жұлдыз

Күн

тау



Ай



гүл



ағаш



үй

Мен сурет саламын.  
Мынау – Күн.





## 2-тапсырма. Тыңда, қайтала. Сәйкес суретті тап.

Мынау – үйдің суреті.

Мынау – жұлдыздың суреті.

Мынау – Айдың суреті.

Мынау – гүлдің суреті.

Мынау – таудың суреті.

Мынау – ағаштың суреті.

Мынау – Күннің суреті.



①



②



③



④



⑤



⑥



⑦



## 3-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

**Сен ненің суретін саласың?**



## 4-тапсырма. Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.

- Сен не істейсің?
- Мен сурет саламын.
- Сен ненің суретін саласың?
- Мен гүлдің суретін саламын.

Қосымша  
тапсырма: 4.4

57

## Бізді қоршаған әлем

### 5 Бүгін күн қандай?

жаңа сөздер

бүгін

күн

сүйк

жылды



1-тапсырма. Тыңда, қайтала.

Сен не істейсің?

Мен аулада ойнаймын.

Бүгін күн жылды.

ЕСТЕ  
САҚТА!



жылды



сүйк



## 2-тапсырма. Тыңда. Толықтырып айт.

- Бүгін күн қандай?
- Бүгін күн ...



## 3-тапсырма. Тыңда. Үлгі бойынша сөйлес.

- Сен не істейсің?
- Мен аулада ойнаймын.
- Бүгін күн қандай?
- Бүгін күн жылы.



## 4-тапсырма. Тыңда, қайтала. Сұраққа жауап бер.

**Бүгін күн жылы ма?**

**Күн жылы ма?  
Күн сұық па?**

**Иә, күн жылы.**

**Жоқ, күн сұық.**



## 5-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

**Бүгін күн қандай?**

**Қосымша  
тапсырма: 4.5**

## Бізді қоршаған әлем

### 6 Мынау – қар

жаңа сөздер

қар

аппақ

жүр



1-тапсырма. Тыңда, қайтала.



2-тапсырма. Тыңда, қайтала.



Ол отыр.



Ол тұр.



Ол жүр.

ЕСТЕ  
САҚТА!

Мен отырмын  
Сен отырсың  
Ол отыр

Мен тұрмын  
Сен тұрсың  
Ол тұр

Мен жүрмін  
Сен жүрсің  
Ол жүр



3-тапсырма. Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.

Кім отыр?  
Кім тұр?  
Кім жүр?



4-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Бүгін күн жылы. Аулада достарым жүр. Мен аулада ойнаймын. Мынау – қар.

1. Бүгін күн қандай?
2. Ол аулада не істейді?



Қосымша  
тапсырма: 4.6

Бізді қоршаған әлем

7 Кел, қайталаңың!



1-тапсырма. Суретке қара. Тыңда, қайтала.



2-тапсырма. Суретке қара. Ойлан. Толықтырып айт.

3-тапсырма. Суретке қара. Улгі бойынша сөйлес.

Сен ненің суретін  
саласың?



5



...

Мынау не?



6



...

Бұғін күн қандай?



...



7

Аулада кім отыр?



...



8



№3

## 8-сабак. Менің кітапшам

## Саяхат

### 1 Мен тауға барамын

жаңа сөздер

саябақ

барамын

қайда?



1-тапсырма. Тыңда. Қайтала.



Мен мектепке барамын.



Мен тауға барамын.



Мен саябаққа барамын.



ЕСТЕ  
САҚТА!

Сен тауға барасың ба?

Иә, барамын.



Жоқ, бармаймын.



2-тапсырма. Тыңда. Қайтала.



мектеп



тау



саябак



3-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

Сен қайда барасың?

тауға

Мен

мектепке

саябаққа

барамын.



4-тапсырма. Тыңда. Үлгі бойынша сөйле.

Мынау – мектеп.

Мен мектепке барамын.

Қосымша  
тапсырма: 5.1

## Саяхат

### 2 Ол қайда барады?

жаңа сөздер

дүкен

барады



1-тапсырма. Тыңда. Қайтала. Үлгі бойынша айт.



Жанар

Қайда?

үй – үйгे

дүкен – дүкенгे

мектеп – мектепке

тау – тауға

саябақ – саябаққа

Арай

Әділ

ЕСТЕ  
САКТА!

**Мен барамын**  
**Сен барасың**  
**Ол барады**



**2-тапсырма.** Тыңда. Үлгі бойынша сөйлес.

**1-оқушы:** Сен қайда барасың?

**2-оқушы:** Мен үйге барамын.

**Мұғалім:** Ол қайда барады?

**1-оқушы:** Ол үйге барады.

ЕСТЕ  
САКТА!

**Ол барады.**



**Ол бармайды.**



**3-тапсырма.** Толықтырып айт.

Ол мектепке ...



Ол үйге ...



Ол дүкенге ...



Ол тауға ...



Ол саябаққа ...



**4-тапсырма.** Сұраққа жауап бер.



Сенің досың қайда барады?

Қосымша  
тапсырма: 5.2



## 5-тапсырма. Тыңда. Қайтала.

Әә



Дауысты дыбыс



әже



әке



әріп

Сенің атың кім?



Менің атым – Эсет.

ЕСТЕ  
САҚТА!

Кім?

Не?

Неше?

Қандай?



Ә ә



Ә ә

## Саяхат

### 3 Мен анаммен барамын

жаңа сөздер

кіммен?



1-тапсырма. Тыңда. Қайтала.



Мен дүкенге барамын.  
Мен анаммен барамын.



①



Мен әжеммен  
барамын.



②



Мен атаммен  
барамын.



③



## 2-тапсырма. Сызба бойынша айт.

Сен қайда барасың?

Мен

мектепке  
тауға  
дүкенге  
саябаққа

барамын.

Сен кіммен барасың?

Мен

атаммен  
әжеммен  
әкеммен  
анаммен

барамын.



## 3-тапсырма. Тыңда. Үлгі бойынша сөйлес.

- Сен қайда барасың?
- Мен мектепке барамын.
- Сен кіммен барасың?
- Мен анаммен барамын.



Мен барамын.



Мен бармаймын.



## 4-тапсырма. Толықтырып айт. Сұрақтарға жауап бер.

Мен мектепке ...



Мен тауға ...



Мен дүкенге ...



Мен саябаққа ...



Сен қайда барасың?  
Сен кіммен барасың?



Қосымша  
тапсырма: 5.3



## 5-тапсырма. Тыңда. Қайтала.

и



Дауысты дыбыс



Сенің атың, кім?



Менің атым – Інжү.



ЕСТЕ  
САҚТА!

Кім?

Не?

Неше?

Қандай?



1



İi

Ji

## Саяхат

### 4 Көлік

жаңа сөздер

саяхат

немен?

көлік

жаяу



1-тапсырма. Тыңда, қайтала.



Пойыз



автобус



мәшине



үшәқ



Мынау – әуежай.

Мен саяхатқа  
Шығамын.




ЕСТЕ  
САҚТА!Мен автобуспен **барамын.**Мен жаяу **барамын.****2-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.**Сен қайда барасың? Сен немен барасың?**

үйге  
тауға  
дүкенге  
мектепке  
саябаққа



пойызбен  
мәшинемен  
ұшақпен  
автобуспен  
велосипедпен

**3-тапсырма.** Толықтырып айт.**Ол үйге ... барады.**

①



②



③



④

**4-тапсырма.** Тыңда. Үлгі бойынша сөйле.Мынау – автобус. Мен мектепке  
автобуспен барамын.Қосымша  
тапсырма: 5.4

75



## 5-тапсырма. Тыңда. Қайтала.

Әә



Дауысты дыбыс



өрік

төрт



кеқ

Сенің атың кім?



Менің атым – Әнербек.


ЕСТЕ  
САҚТА!

Кім?

Не?

Неше?

Қандай?



4



Ә ә

Ө ө

## Саяхат

### 5 Мен шаңғы тебемін

жаңа сөздер

ертең

демалыс



1-тапсырма. Тыңда, қайтала. Сұраққа жауап бер.

Балалар, ертең демалыс.  
Біз тауға барамыз.

Алақай, біз тауға барамыз!

Мен шаңғы тебемін.

Сен тауға барасың ба?



ЕСТЕ  
САҚТА!

Мен барамын

Біз барамыз



## 2-тапсырма. Суретке қара. Толықтырып айт.



Ол ...



## 3-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Ертең – демалыс. Біз тауға барамыз. Тауда қар көп. Мен тауда шаңғы табемін.

1. Алмабек ертең қайда барады?
2. Ол тауда не істейді?



## 4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

Сен тауға барасың ба?



Сен тауда не істейсің?



Қосымша  
тапсырма: 5.5



## 5-тапсырма. Тыңда. Қайтала.

Ққ



Дауыссыз дыбыс

қарындаш

қасқыр



қара

Сенің атың кім?



Менің атым – Қанат.

ЕСТЕ  
САҚТА!

Кім?


Не?

Неше?

Қандай?



Ққ



Ққ Ққ

## 6 Кеше

жаңа сөздер

кеше

ауыл

демалдым

қала



## 1-тапсырма. Тыңда. Қайтала.

Кеше демалыс болды.  
Мен жақсы демалдым.



①

Сен не істедің?



②

Мен әкеммен тауға бардым.



③

ЕСТЕ  
САҚТА!

Мен демалдым  
Сен демалдың  
Ол демалды

Мен бардым  
Сен бардың  
Ол барды



## 2-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

**Сен кеше қалай  
демалдың?**

Жақсы.

Өте жақсы!

Тамаша!



## 3-тапсырма. Толықтырып айт.

**Мен кеше ... бардым.**

ауылға	қалаға	тауға	циркке



## 4-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.



Кеше демалыс болды. Мен әкеммен тауға бардым. Мен кірпіні көрдім. Мен жақсы демалдым.

- Ол қайда барды?
- Ол нені көрді?
- Ол қалай демалды?

Қосымша  
тапсырма: 5.6




## 5-тапсырма. Тыңда. Қайтала.

ff



Дауыссыз  
дыбыс



Сенің атың, кім?



Менің атым – Ғалымжан.

ЕСТЕ  
САҚТА!

Кім?

Не?

Неше?

Қандай?



9

**f f**

*F f*

## Саяхат

## 7 Кел, қайталайық!



**1-тапсырма.** Суретке қара. Тыңда, қайтала.



**2-тапсырма.** Суретке қара. Ойлан. Толықтырып айт.

**3-тапсырма.** Суретке қара. Үлгі бойынша сөйлес.

Сен үйге немен  
барасың?



5

Сен конъки  
тебесің бе?




Иә, ... .

Сен мектепке  
кіммен барасың?



7

Сен не істейсің?



№3

## 8-сабак. Менің кітапшам

## Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

### 1 Домбыра

жаңа сөздер

домбыра

домбыра тартамын



1-тапсырма. Тыңда. Оқы. Сураққа жауап бер.



Менде домбыра бар.  
Мен домбыра тартамын.

Сенде домбыра бар ма?

ЕСТЕ  
САҚТА!

Мен домбыра тартамын.

Мен домбыра тартпаймын.



2-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

## Сен домбыра тартасың ба?

Иә, мен ...

Жоқ, мен ...



3-тапсырма. Тыңда, қайтала. Үлгі бойынша сөйлес.

- Мынау не?
- Бұл – домбыра.
- Сен домбыра тартасың ба?
- Иә, мен домбыра тартамын.  
(Жоқ, мен домбыра тартпаймын).



4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

Сенде домбыра бар ма?

Сен домбыра тартасың ба?

Қосымша  
тапсырма: 6.1



## 5-тапсырма. Тыңда. Қайтала.

Ұұ



Дауысты дыбыс



ұшак



жұлдыз



сүр

Сенің атың, кім?



Менің атым – Ұлан.


ЕСТЕ  
САҚТА!

Кім?

Не?

Неше?

Қандай?



Ұ

Ұ

## Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

### 2 Ертең – мереке

жаңа сөздер

ертең

мереке

асық

ән айтамын



1-тапсырма. Тыңда. Оқы.

Балалар, ертең мектепте мереке болады. Әсете, сен мерекеде не істейсің?



ЕСТЕ  
САҚТА!

Мен ән айтамын.  
Сен ән айтасың.  
Сіз ән айтасыз.  
Ол ән айтады.

Мен домбыра тартамын.  
Сен домбыра тартасың.  
Сіз домбыра тартасыз.  
Ол домбыра тартады.



## 2-тапсырма. Толықтырып оқы.

Мен ән ...

ойнаймын

Мен асық ...

тартамын

Мен домбыра ...

айтамын



## 3-тапсырма. Тыңда. Оқы. Үлгі бойынша сөйлес.



- Бұл не?
- Бұл – асық.
- Сенде неше асық бар?
- Менде сегіз асық бар.
- Маған бір асық берші.
- Міне, ал.
- Рақмет!



## 4-тапсырма. Тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Алақай! Ертең мектепте мереке болады. Мен мерекеде домбыра тартамын. Айша ән айтады. Қайсар асық ойнайды.

1. Әсет не істейді?
2. Айша не істейді?
3. Қайсар не істейді?

Қосымша  
тапсырма: 6.2



## 5-тапсырма. Тыңда. Қайтала.

Yy



Дауысты дыбыс



3

үш



Сенің атың кім?



Менің атым – Үсен.

ЕСТЕ  
САҚТА!

Кім?

Не?

Неше?

Қандай?



3

Үү

Үү

## Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

### 3 Әдемі гүлдер

жаңа сөздер


тұс

сыйлаймын

ұнайды



1-тапсырма. Тыңда. Оқы.



Қарашы, қандай әдемі гүл!  
Мен анама гүл сыйлаймын.

ЕСТЕ  
САҚТА!

Мен сыйлаймын  
Сен сыйлайсың  
Сіз сыйлайсыз  
Ол сыйлайды



## 2-тапсырма. Тыңда. Тольқытырып айт.

Маған түс ұнайды. Мен гүл сыйлаймын.

Маған түс ұнайды. Мен гүл сыйлаймын.

Маған түс ұнайды. Мен гүл сыйлаймын.



## 3-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

### Саған қандай түс ұнайды?



қызыл



сары



көгілдір



кулгін



қызғылт



көк



қызғылт сары



## 4-тапсырма. Тыңда. Оқы. Жаттап ал.

### Әдемі гүлдер

Мынау – гүлдер әлемі,  
Қараши, қандай әдемі!  
Қызыл, қызғылт, сары, көк –  
Әдемі гүлдер қандай көп!

(Ә. Шапагат)



Қосымша  
тапсырма: 6.3



## 5-тапсырма. Тыңда. Қайтала.

Н



Дауыссыз  
дыбыс



шанғы



қоңыр



бәтенке

Сенің атың, кім?



Менің атым – Аңсар.





ЕСТЕ  
САҚТА!

Кім?

Не?

Неше?

Қандай?



Н

Ң

## Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

### 4 Мерекеде

жаңа сөздер

шашу



**1-тапсырма.** Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.

**Бұл қандай мереке?  
Бұл мерекеде не істейді?**



**О-о! Қандай көп кәмпіт!**



## 2-тапсырма. Суретке қара. Оқы. Сәйкес суретті тап.



Ол домбыра тартады.

Ол ән айтады.

Ол асық ойнайды.

Ол гүл сыйлайды.



## 3-тапсырма. Сәйкестендіріп оқы.

ән айтамын	—	домбыра тартпаймын
домбыра тартамын	—	гүл сыйламаймын
асық ойнаймын	—	ән айтпаймын
гүл сыйлаймын	—	асық ойнамаймын

## 4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Сен ән айтасың, ба?
- Иә, мен ...
- Сен домбыра тартасың, ба?
- Жоқ, мен ...
- Сен асық ойнайсың, ба?
- Жоқ, мен ...
- Сен гүл сыйлайсың, ба?
- Иә, мен ...

Иә, ...

Жоқ, ...



## 5-тапсырма. Тында. Оқы. Үлгі бойынша айт.

Ертең мектепте мереке болады. Мен мерекеде ән айтамын, анама гүл сыйлаймын. Мен домбыра тартпаймын, асық ойнамаймын.



## 6-тапсырма. Тыңда. Қайтала.

h



Дауыссыз дыбыс



жинаz



айдар



гаян

Сенің атың, кім?



Менің атым – Гаянап.


ЕСТЕ  
САҚТА!

Кім?

Не?

Неше?

Қандай?



h

h

Қосымша  
тапсырма: 6.4

## Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

## 5 Жұмбақ

жаңа сөздер

жұмбақ

қорқақ



1-тапсырма. Тыңда. Оқы.

Қоян қандай болады?

ЕСТЕ  
САҚТА!

ақ

қара

қызыл

сары

жасыл

көк

қызыл

қызыл  
сары

көгілдір

күлгін

қоңыр

сүр



**2-тапсырма.** Суретке қара. Сұрақтарға жауап бер.

**Мынау не? Оның түсі қандай?**



**3-тапсырма.** Тыңда. Оқы. Жұмбақты жаттап ал.

**Түсі аппақ, өзі қорқақ.**



**4-тапсырма.** Тыңда. Үлгі бойынша сөйлес.

- Сен жұмбақ білесің бе?
- ...
- Сен қандай жұмбақ білесің? Айтшы.
- «Түсі аппақ, өзі қорқақ». Бұл не?
- ...
- Иә, дұрыс.



**5-тапсырма.** Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен қандай тақпақ білесің?
2. Сен қандай жұмбақ білесің?

**Қандай?**

**Қосымша  
тапсырма: 6.5**

## Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті

### 6 Мен ертегі оқымын

жаңа сөздер

ертегі

қызық

**1-тапсырма.** Тыңда. Оқы. Сұраққа жауап бер.

